

Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарын басқару туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 27 қараша N 1598. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1321 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1321 Қаулысымен.

Үкіметтің реформа тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі іс-қимылдары Бағдарламасына сәйкес, бәсекелестікті дамыту мен жекешелендіру процестерін жеделдету мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік актілерін Қазақстан Республикасының азаматтық Кодексіне (жалпы бөлім) сәйкес келтіру қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары мен ондағы ғимараттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігі болып табылады және экономика мен халықтың көлік байланыстарына қажетін, сондай-ақ қорғаныс және жұмылдыру шараларын қамтамасыз етуге арналады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жол шаруашылығы мәселелерін мемлекеттік реттеуді жергілікті өкілдік және атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасап жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады деп айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясынан оның құрамына кірген акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акция пакеттері мен мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын қайтып алсын;

"Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына кірген акционерлік компаниясының құрамына кірген акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акция пакеттерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сатуға берсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына кірген мемлекеттік және бірлескен кәсіпорындардың, оның ішінде "

Қазселденқорғау" өндірістік бірлестігінің және Алматы қаласының тұрғын үй және қызметүйлері басқармасының мемлекеттік мүлкін басқару мәселелерін ш е ш с і н .

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп екі ай мерзім ішінде "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына кірген акционерлік қоғамдардың мемлекеттік мүлкі негізінде қосымшаға сәйкес, жол қоры қаржысы есебінен кәсіпорындардың пайдалану және басқа шығындарын қаржыландырып, автомобиль жолдарының қазыналық кәсіпорындарын құру тапсырылсын.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен және "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясымен бірлесіп "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына кіретін акционерлік қоғамдар орналасқан үй-жайларға осы қаулыға қосымшада көрсетілген қазыналық кәсіпорындарды орналастырсын.

7. Автомобиль жолдарының қазыналық кәсіпорындары "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына кірген акционерлік қоғамдардың 1995 жылдың 1 сәуіріне дейінгі жағдайы бойынша ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары мен ондағы ғимараттарды балансқа қ а б ы л д а с ы н .

8. Ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарын қаржыландыру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады деп белгіленсін.

9. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп екі ай мерзім ішінде Үкіметтің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізсін.

10. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын орындау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 тамыздағы N 675 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 32, 367-бап);

"Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясының Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 қыркүйектегі N 934 қаулысы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 27 қарашадағы
N 1598 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар
министрлігі жанындағы Автомобиль жолдары департаментінің
құрылатын қазыналық кәсіпорындарының

Т І З Б Е С І

N	Кәсіпорынның атауы	Орналасқан жері
	Алматы автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Алматыавтожолы)	Алматы қаласы
	Ақмола автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Ақмолаавтожолы)	Ақмола қаласы
	Ақтөбе автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Ақтөбеавтожолы)	Ақтөбе қаласы
	Атырау автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Атырауавтожолы)	Атырау қаласы
	Шығыс Қазақстан автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Шығысавтожолы)	Өскемен қаласы
	Жамбыл автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Жамбылавтожолы)	Жамбыл қаласы
	Жезқазған автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Жезқазғанавтожолы)	Жезқазған қаласы
	Орал автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Оралавтожолы)	Орал қаласы
	Қарағанды автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Қарағандыавтожолы)	Қарағанды қаласы
	Қызылорда автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Қызылордаавтожолы)	Қызылорда қаласы
	Көкшетау автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Көкшетауавтожолы)	Көкшетау қаласы
	Қостанай автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Қостанайавтожолы)	Қостанай қаласы
	Маңғыстау автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Ақтауавтожолы)	Ақтау қаласы

Павлодар автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Павлодаравтожолы)	Павлодар қаласы
Петропавл автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Петропавлавтожолы)	Петропавл қаласы
Семей автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Семейавтожолы)	Семей қаласы
Талдықорған автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Талдықорғанавтожолы)	Талдықорған қаласы
Торғай автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Торғайавтожолы)	Арқалық қаласы
Шымкент автомобиль жолдары қазыналық кәсіпорны (Шымкентавтожолы)	Шымкент қаласы
Инжинирингавтожолы қазыналық кәсіпорны	Алматы қаласы